

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ	БЕЕД	Инвестицияларды, ақшалай қаражатты есепке алу және персоналмен есеп айырысу
Саясат	ИПЕБ 09 09	15-тен 1-ші бет

## «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-тың аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы САЯСАТЫ

### 1. Тағайындалуы

1.1. Осы "Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ-тың аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясаты (бұдан әрі – Саясат) аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда) тарту саласындағы мақсаттар мен негізгі қағидаттарды белгілейді. Осы Саясат "Самұрық-Қазына" АҚ Директорлар кеңесінің 27.05.2021 жылғы №185 шешімімен бекітілген "Самұрық-Қазына" АҚ-тың аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы саясатының ережелерін ескере отырып әзірленді.

2.1. Саясатта көзделген негізгі ережелер «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ-ға (бұдан әрі – Қоғам) аудитордың объективтілігіне немесе тәуелсіздігіне нұқсан келтірместен белгілі бір аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсету үшін аудиторларды тарту мүмкіндігін береді.

### 2. Әрекет ету аясы

Рев. №	Өзгертілген парақтар	Әзірленген	Келісілген	Бекітілген
0		БЕЕД директоры Жақыпбекова С.Ж.	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2021 ж. «26» қазандағы № 33/21 шешімі	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 ж. «18» қарашадағы № 14/21 шешімі

2.1. Осы Саясаттың қағидалары мен талаптары Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдарына тарайды.

2.2. Дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жүз пайызы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында Қоғамға тікелей немесе жанама түрінде тиесілі ұйымдардан басқа, Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары осы Саясаттың ережелерін ескере отырып, белгіленген тәртіппен аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда) тарту саласындағы өз саясатын дербес әзірлейді және бекітеді.

### 3. Мазмұны

1.	Тағайындалуы	1
2.	Әрекет ету аясы	1
3.	Мазмұны	2
4.	Терминдер, анықтамалар және қысқартулар	2
5.	Жалпы ережелер	3
6.	Мақсаты	3
7.	Аудиторды таңдау	3
8.	Аудиторлық емес қызметтерді жіктеу	4
9.	Аудиторлық емес қызметтерді бекіту	6
10.	Аудиторлық ұйымның аудиторлық емес қызметтерді көрсеткен кездегі мүдделер қақтығысы	7
11.	Мерзімдік есептілік және сыйақы туралы ақпаратты ашып көрсету	8
12.	Жоба бойынша жетекші әріптесті ротациялау	8
13.	Негізгі аудитордың қызметкерлерін Қоғамға жұмысқа қабылдау	9
14.	Негізгі аудитордан жыл сайынғы растау	9
15.	Қорытынды ережелер	10
16.	Қосымша	
16.1	1-қосымша Аудиторлық ұйым көрсететін аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерге сұрау салу нысаны	11

### 4. Терминдер, анықтамалар және қысқартулар

**Топ аудиторы** – Негізгі аудитор және Компоненттік аудитор.

**Аудиторлық ұйым** – аудиторлық қызметті жүзеге асыру үшін құрылған және кәсіби ұйымның мүшесі болып табылатын коммерциялық ұйым.

**Топ** – Қоғам және оның еншілес және тәуелді ұйымдары.

**Еншілес ұйым** – шешімін Қоғам жарғылық капиталда басым үлестің болуына немесе олардың арасында жасалған шартқа негізделе отырып, немесе басқаша, оның ішінде «Шоғырландырылған қаржылық есептілік» 10 ХҚЕС-ына сәйкес еншілес ұйым ретінде (Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін дәрежеде) анықтауы мүмкін заңды тұлға.

**Тәуелді ұйым** – дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) жиырма пайыздан астамына Қоғам иелік ететін, және оған Қоғам елеулі ықпал ететін, бірақ оған бақылау жүргізбейтін ұйым.

**Заң** – «Аудиторлық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңы.

**Кәсіби бухгалтерлердің Әдеп кодексі** – Халықаралық бухгалтерлер федерациясының бухгалтерлеріне арналған Әдеп стандарттары жөніндегі комитет шығарған кәсіби бухгалтерлерге арналған әдеп талаптарының (Әдеп стандарттарының) жиыны.

**Аудит жөніндегі комитет** – "Қазатомөнеркәсіп "ҰАК" АҚ Директорлар кеңесінің Аудит жөніндегі комитеті.

**Компоненттік аудитор** – олар бойынша Қоғамның соңғы жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілік деректеріне сәйкес салықты салынғанға және/немесе активтерді төлегенге дейінгі пайданың жалпы үлесі салық салынғанға дейінгі және топшілік операциялар элиминациясына дейін абсолютті шектегі Қоғамның шоғырландырылған пайдасындағы және/немесе активтеріндегі кем дегенде 20% құрайтын Қоғамның тәуелді ұйымдарының шоғырландырылған және жекелеген қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу бойынша қызметтерді көрсететін аудиторлық ұйым.

**Мүдделер қақтығысы** – аудиторлық ұйымның мүддесі оның аудиттелетін субъектінің қаржылық есептілігінің сенімділігі туралы пікіріне әсер етуі мүмкін жағдай.

**Жанама тиесілілік** – өзге заңды тұлға акцияларының (қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызының меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында әрбір келесі заңды тұлғаға тиесілілігі.

**Аудиторлық емес қызметтер** – Негізгі аудитор және Компоненттік аудитор көрсететін жеке және шоғырландырылған қаржылық есептілікке аудит және/немесе аралық аудиторлық шолу болып табылмайтын қызметтер.

**Қоғам** – "Қазатомөнеркәсіп" Ұлттық атом компаниясы " акционерлік қоғамы.

**Негізгі аудитор** – жасалған шарт негізінде аралық шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілікке шолу жүргізуді қоса Қоғамның шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитін жүргізу бойынша қызметтерді көрсететін аудиторлық ұйым.

**Жауапты құрылымдық бөлімше** – бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті дайындауға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі.

**Есепті жыл** – 1 қаңтардан 31 желтоқсанға дейінгі қаржы жылы.

**Тізбе** – бухгалтерлік есепті жүргізуге және қаржылық есептілікті дайындауға жауапты Қоғамның құрылымдық бөлімшесі айқындайтын Топқа аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсететін аудиторлық ұйымдардың тізімі.

**Басқарма** – «Қазатомөнеркәсіп" ҰАК" АҚ Басқармасы.

**Ішкі аудит қызметі** – Қоғамның Ішкі аудит қызметі.

**Директорлар кеңесі** – Қоғамның Директорлар кеңесі.

**Қаржылық есептілік** – шоғырландырылған және/немесе жеке қаржылық есептілік.

## 5. Жалпы ережелер

5.1. Саясат Қоғам үнемі қолдану және сақтау керек бірқатар басшылық қағидаттар мен рәсімдерді қамтиды.

## 6. Мақсаты

6.1. Осы Саясаттың аудиторлық ұйымдардың қызметтерін тарту саласындағы мақсаты:

1) аудиторлық ұйымдардың қызметтерін (аудиторлық ұйымдар көрсететін аудиторлық емес қызметтерді қоса алғанда) тарту жөніндегі тиімді қызметті ұйымдастыру;

2) аудиторлық ұйымдарды таңдау бойынша біріздендірілген рәсімдерді енгізу, аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсыну кезінде Қоғам аудиторларының тәуелсіздік мәртебенің сақталуын қамтамасыз ету;

3) мүдделер қақтығысына жол бермеу.

## 7. Аудиторды таңдау

7.1 Аудиторлық ұйымды таңдауды айқындайтын негізгі өлшемшарттар:

1) қызмет көрсетуге деген тәсіл:

– Қоғамның ерекшеліктері мен талаптарына қатысты аудиттің әдіснамасы мен стратегиясы;

– жұмысты үйлестіру және бақылау;

– аудитті жүргізу мерзімі;

– басшылықпен және Аудит жөніндегі комитет мүшелерімен жұмыс істеу тәсілі;

– ішкі аудит қызметімен өзара әрекеттесу тәсілі;

– есепке алумен байланысты күрделі және стандартты емес техникалық мәселелерді шешу тәсілі мен әдістері;

– аудиттің тиімділігін тұрақты жетілдіру және арттыру міндеттемесі.

2) жоба командасының құзыреттілігі:

– аудиттің сапасын қамтамасыз ету және мерзімдерін сақтау үшін қажетті біліктілік пен ресурстардың болуы;

– салалық тәжірибе, соның ішінде ұқсас ауқымдағы тұтынушыларға қызмет көрсетудің практикалық тәжірибесі.

3) қызмет көрсету сапасы:

– аудиторлық ұйым мамандарының біліктілік деңгейі;

– аудиторлық ұйым мамандарының қазақстандық та, сонымен қатар халықаралық нарықтағы жұмыс тәжірибесі;

– қызметтерді көрсетудегі тиімділік;

– Қоғам саласы бизнесін білуімен (белгілі бір салада аудиторлық ұйымның клиенттері неғұрлым көп болса, соғұрлым осы саланың проблемаларын жақсы біледі және ол проблемаларды шешудің оңтайлы нұсқаларын тез табады);

– Қазақстанда мамандандырылған техникалық қолдау тобының (ХҚЕС сәйкес есепке алу мәселелері бойынша сарапшылар) болуы немесе аудиторлық ұйымның осындай топты құру міндеттемесін ұсынуы;

– олқылықтарды анықтау және қаржылық есептілікті дайындау үдерісінде ішкі бақылауды жетілдіру бойынша ұсыныстар беру жұмысының тиімділігі.

4) аудиторлық ұйымның халықаралық аудит стандарттарын, Қазақстан Республикасының аудит саласындағы қызметінің заңнамасын, Халықаралық бухгалтерлер федерациясының кәсіби бухгалтерлердің әдеп кодексін сақтауы;

5) қазақстандық та, сонымен қатар халықаралық нарықта да оң беделге ие болуы;

б) қызметтерді көрсетуге бөлінген жұмыс уақытының ұзақтығы;

7) қызметтердің құны;

8) тәуелсіздік және ықтимал мүдделер қақтығыстары:

– ықтимал қақтығыстар және (тікелей бәсекелестер үшін орындалған жұмыстың сипаттамасын қоса) оларды шешу тәсілдері;

– серіктестік ротациясына міндеттеме мен тәсіл және жоба командасы мүшелері үшін сабақтастықты жоспарлау;

– сапаны бақылау жүйесін сипаттау және тұтынушылардың қанағаттануын бағалау.

Аудиторлық ұйымды таңдаған кезде Қоғам "Самұрық-Қазына" АҚ және дауыс беретін акцияларының (қатысу үлестерінің) елу пайыздан және одан да астамы меншік немесе сенімгерлік басқару құқығында "Самұрық-Қазына" АҚ-ға тікелей немесе жанама түрінде тиесілі ұйымдар үшін аудиторлық ұйымды таңдау жөніндегі қағидаларды" басшылыққа алады.

## 8. Аудиторлық емес қызметтерді жіктеу және оның тізбесі

8.1 Топ аудиторы Топқа белгілі бір аудиторлық емес қызметтерді ұсына алады. Бұл ретте, Қоғам аудитпен байланысты емес белгілі бір қызметтерді ұсыну және аудиторлық ұйымға төленген аудиторлық емес қызметтер үшін сыйақы деңгейі мүдделер қақтығысына немесе объективтіліктің нақты немесе болжамды жоғалуына әкеп соғуы мүмкін деп санайды.

Қоғам аудиторлық ұйымның әлеуетті қызметтерінің әрқайсысын мынадай санаттардың біріне жіктейді (қосымша түсініктемелер осы Саясаттың 8.3-8.5 тармақтарында келтіріледі):

**А санаты:** Топ аудиторының ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз етудің тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін және Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының резидент емес еншілес ұйымын тіркеген елдің заңнамасының талаптарына сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің Этикалық кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып аудиторлық ұйым ұсынуға тиіс аудиторлық емес қызметтер. А санатындағы аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 9.4-тармағында көрсетілген шекті соманы сақтауды талап етпейді.

**В санаты:** Топ аудиторының ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз етудің тәуелсіздігіне әсер етуі мүмкін және Заңға сәйкес және Кәсіби бухгалтерлердің Этикалық кодексінде көзделген шарттарды сақтай отырып Топ аудиторы көрсете алатын аудиторлық емес қызметтер. В санатындағы аудиторлық емес қызметтер осы Саясаттың 9.4-тармағында көрсетілген шекті соманың сақталуын талап етеді.

**С санаты:** Топ аудиторының ағымдағы міндеттемелерін қамтамасыз ету бойынша тәуелсіздікті жоғалтуға әкелетін және Заңға және кәсіби бухгалтерлердің

Әдеп кодексінде көзделген басқа да шектеулерге сәйкес тыйым салынған қызметтер болып саналатын аудиторлық емес қызметтер.

8.2 С санаты бойынша қызмет көрсету үшін Қоғам міндетті аудитті жүзеге асыратын аудиторлық ұйымды тартпайды.

8.3 **А санатындағы** аудиторлық емес қызметтерге келесілерді қоса, бірақ олармен шектелмей, мыналар жатады:

– Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құзыретті немесе бақылаушы орган талап ететін есептілік;

– Қазақстан Республикасының резидент емес еншілес ұйымы тіркелген және орналасқан елдің заңнамасымен талап етілетін есептілік;

– бұл Қазақстан Республикасының немесе Қазақстан Республикасының резидент емес еншілес ұйымы тіркелген және орналасқан елдің заңнамасымен талап етілсе, ішкі қаржылық бақылау туралы есептілік;

– Құзыретті немесе реттеуші орган қызмет көрсету үшін Топ аудиторын анықтаса, немесе Топ ұйымына осы қызметтерді көрсету үшін Топ аудиторын таңдау керектігін көрсеткен болса, құзыретті немесе реттеуші органдар талап ететін, немесе осындай органдарға ұсынылатын есептер;

– егер мұндай қызметтерді көрсету уақыт бойынша қатаң шектелген болса, мұндай қызметтердің мәні бағаға сезімтал болады, және мүмкіндігінше бейтарап, әділ және хабардар үшінші тарап Топ аудиторының қаржылық есептілік аудиті мақсатында Топ ұйымының қызметін түсінуі осы қызмет үшін мәні бар деген қорытындыға келген болса, және қызметтің сипаты Топ аудиторының тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтін болса, Қазақстан Республикасының немесе еншілес ұйымның тіркелген және орналасқан елінің заңнамасымен талап етілетін міндеттемені орындауға жәрдемдесу арқылы Топ ұйымдарына көрсетілуі тиіс қызметтер.

8.4 **В санатындағы** аудиторлық емес қызметтерге келесілерді қоса, бірақ олармен шектелмей, мыналар жатады:

– кредиттік келісімдер бойынша есептілік (заңнамамен талап етілетіндерді қоспағанда);

– егер бұл жұмыс ұсынылатын аудиторлық қызметтермен біріктірілген болса және бірдей негізгі шарттарда орындалса, Топ ұйымының басшылығының тапсырмасы бойынша ұсынылатын қаржылық ақпарат/қаржылық бақылау бөлігінде кеңейтілген аудиторлық процедураларды көрсету бойынша қызметтер;

– Топ ұйымының басшылығының тапсырмасы бойынша ұсынылатын елеулі еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігіне қатысты қосымша аудиторлық процедураларды жүргізу бойынша қызметтер;

– заңнамадағы немесе бухгалтерлік есеп және аудит стандарттарында болған өзгерістерге талдауды ұсыну бойынша қызметтер;

– салықтық кеңес беру қызметтері;

– компаниялардың қосылуы мен жұтылуы бойынша мәмілелерді сүйемелдеу бойынша қызметтер;

– инвестициялық келісімдер мен проспектілер аясында дайындалған Топ ұйымының жария есептілігіне қатысты аудиторлық және басқа да қызметтер;

– қаржылық есептіліктен басқа Топ ұйымының есептілігін растау бойынша қызметтер (қоршаған орта бойынша есептілік, тұрақты даму бойынша есептілік және т.б.).

8.5 С санатындағы аудиторлық емес қызметтерге келесілерді қоса, бірақ олармен шектелмей, мыналар жатады:

- Топ ұйымының бухгалтерлік есебін жүргізу және қаржылық есептілігін жасау бойынша қызметтер.

- Кейінге қалдырылған салықты қоса, салықтарды есептеуге және/немесе салық есептілігінің нысандарын дайындауға байланысты салық қызметтері.

- Салық органдары тексеру жүргізу кезінде қолдау көрсету бойынша қызметтер.

- Топ ұйымын басқаруға қатысуға немесе басқару шешімдерін қабылдауға байланысты қызметтер.

- Топ ұйымының қызметкерлеріне жалақыны есептеу және төлеу бойынша қызметтер.

- Қаржылық ақпаратты дайындауға және/немесе бақылауға, немесе қаржылық ақпараттық технологиялар жүйесін әзірлеуге және енгізуге байланысты ішкі бақылау немесе тәуекелдерді басқару рәсімдерін әзірлеу және енгізу бойынша қызметтер.

- Топ ұйымының актуарлық міндеттерін немесе сот талқылауымен байланысты міндеттемелерін қоса алғанда, бағалау жүргізу бойынша қызметтер;

- Топ ұйымы атынан келіссөздер жүргізуде, сот дауларын шешуде Топ ұйымының мүдделерін қорғауда заңдық кеңесшінің қызметтерін қоса, заң қызметтері;

- Топ ұйымының ішкі аудитін жүргізу бойынша қызметтер;

- Комплаенс саласындағы қызметтер;

- Қоғам шығарған бағалы қағаздардың проспектілеріне қатысты кепілдік хаттарды шығару сияқты қаржылық есептілікке қатысты аудиторлық қызметтерді көрсетуді қоспағанда, қаржыландыруға, капиталдың құрылымына және оны бөлуге, сондай-ақ Қоғамның инвестициялық стратегиясына байланысты қызметтер;

- Қоғамның акцияларын жылжытуға, сатуға немесе андеррайтингке қатысты қызметтер;

- Бухгалтерлік есеп жүргізуге және қаржылық есептілікті дайындауға әсер ететін басшы лауазымдарға персоналды іздеу және тестілеу бойынша қызметтер;

- Топ ұйымының ұйымдық құрылымын анықтау бойынша қызметтер;

- Топ ұйымының шығындарына бақылау жүргізу бойынша қызметтер;

- Құны «шартты» сыйақы («contingent fees») әдісімен қалыптасатын қызметтер.

## 9. Аудиторлық емес қызметтерді бекіту

9.1 Топ аудиторы Топқа А және В санаттарындағы аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге мүдделі болса, Топ аудиторы Аудит жөніндегі комитетке осындай қызметтерді көрсетуге рұқсат сұрауын жібереді.

9.2 Сұрау салу аясында Топ аудиторы кем дегенде келесі ақпаратты көрсетуі керек:

- 1) қызметтің толық сипаттамасы;
- 2) жобаланған қызмет көрсетуге байланысты төленуге жататын күтілетін сыйақы;
- 3) неліктен рұқсат алу Топ аудиторының тәуелсіздігіне қауіп төндірмейтін себептерін тізе отырып осы қызметті көрсету кезіндегі тәуелсіздікті талдау;
- 4) осы қызметті көрсету кезінде мүдделер қақтығысының жоқтығын;
- 5) және осы Саясаттың ережелеріне сәйкес аудиторлық емес қызметтің болжалды жіктелуін растау.

9.3 Топ аудиторы Топ ұйымына В санатындағы аудиторлық емес қызметтерді ұсынуға мүдделі болса, Топ аудиторы Аудит жөніндегі комитетке Топ аудиторының Топқа қатарынан алдыңғы үш Есепті жыл ішінде көрсеткен аудиторлық қызметтері үшін есептелген және төленген сыйақы туралы ақпаратты қосымша ұсынуы тиіс.

9.4 Аудит жөніндегі комитет Топ аудиторының сұрау салуын қарайды, аудиторлық емес қызметтің дұрыс жіктелуін тексереді және Топ аудиторына аудиторлық емес қызметтерді көрсетуге рұқсат беру/немесе бермеу туралы шешім қабылдайды. Аудит жөніндегі комитеттің шешімі Топ аудиторына жіберіледі.

9.5 Топқа аудиторлық емес қызметтер көрсеткені үшін сыйақының жалпы жылдық сомасы келесідей шектелген:

а) Негізгі аудиторға - соңғы үш қаржылық жыл ішінде қатарынан Топтың аудитін жүргізгені үшін аудиторлық ұйымға төленген сыйақының орташа жылдық сомасының 50 (елу) %-нан аспайтын. Бұл ретте Топ кәсіпорындары бойынша осы ұйымды Топқа қосу кезеңінен бастап есепке алынады;

б) Компоненттік аудиторға – соңғы үш қаржылық жыл ішінде қатарынан Топ компанияларының аудитін жүргізгені үшін аудиторлық ұйымға төленген сыйақының орташа жылдық сомасының 70 (жетпіс) %-нан аспайтын. Бұл ретте Топ кәсіпорындары бойынша осы ұйымды Топқа қосу кезеңінен бастап есепке алынады.

9.5. Осы Саясаттың 9.3-тармағы бойынша Аудит жөніндегі комитет қабылдаған шешімдер Қоғамның Директорлар кеңесіне мәлімет үшін ұсынылады.

## **10. Аудиторлық ұйымның аудиторлық емес қызметтерді көрсеткен кездегі мүдделер қақтығысы**

10.1 Сатып алу рәсімін жүргізу және аудиторлық қызметтерді алу кезінде Топ ұйымы аудиторлық ұйым үшін:

- 1) осы аудиторлық ұйымнан бұрын алынған қызметтердің сипаты;
- 2) қаржылық есептілікпен қамтылған кезең ішінде немесе одан кейін осы аудиторлық ұйыммен қаржылық немесе іскерлік қатынастар салдарынан тәуелсіздікке төнетін қауіп-қатердің туындау мүмкіндігін қарастыруға тиіс.

Аудиторлық ұйым үшін өзін-өзі бақылауға төнетін қауіпін болдырмау немесе оны қолайлы деңгейге жеткізу үшін Топ ұйымы шараларын қабылдамаған немесе қабылдау мүмкін болмаған жағдайда, Топ ұйымы осындай аудиторлық ұйымнан



қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтерді ала алады.

10.2 Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтерді көрсетуге арналған шарт Аудиторлық ұйымның Заңға сәйкес аудит жүргізу туралы міндеттемелерін қамтуы тиіс.

10.3 Топ ұйымының аудиторлық ұйымнан алатын қызметтері:

1) аудиторлық ұйымның қатысушылардың көпшілігі Қоғамның бәсекелестері болып табылатын бірлескен кәсіпорындары немесе ұқсас бірлестіктері болған кезде;

2) аудиторлық ұйым мүдделері қақтығысатын немесе мәселелер, операциялар мен проблемалар бойынша бір-бірімен пікірталастар мен пікірсайыстар жағдайында болатын Қоғамға және басқа ұйымдарға қызмет көрсеткен кезде құрылуы мүмкін объективтілік пен құпиялылық қағидаттарын бұзбауы тиіс.

## **11. Мерзімдік есептілік және сыйақы туралы ақпаратты ашып көрсету**

11.1. Жыл сайын есепті жылдан кейінгі жылдың 31 қаңтарына дейінгі мерзімде, Топ ұйымдары Жауапты құрылымдық бөлімшеге осы Саясатқа 1-қосымшаға сәйкес аудиторлық ұйымдар көрсеткен, және өткен Есепті жылдағы жиынтық кірістер туралы есепте көрсетілген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің шығындары туралы ақпаратты ұсынады.

Аудиторлық ұйымдар көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің шығындары туралы, және еншілес ұйымдар ұсынған өткен Есепті жылдағы жиынтық кіріс туралы есептің құрамында көрсетілген ақпарат аудиторлық ұйымдармен алдын ала келісілген болуы керек.

11.2. Жыл сайын Есепті жылдан кейінгі жылдың 10 ақпанына дейінгі мерзімде, Жауапты құрылымдық бөлімше Тізбені айқындайды және Тізбеге енгізілген аудиторлық ұйымдарға осы Саясатқа Қосымшаға сәйкес Топқа аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді көрсетуден есептелген кірістер туралы ақпаратты ұсыну қажеттігі туралы ресми сұрау салуды жібереді.

11.3. Жауапты құрылымдық бөлімше еншілес ұйымдар ұсынған ақпараттың толықтығы мен дұрыстығын тексереді және Есепті жыл ішінде Топқа аудиторлық және аудиторлық емес қызметтерді ұсынатын еншілес және аудиторлық ұйымдардың деректерін салыстырады.

11.4. Кем дегенде, жылына екі рет, бірінші жарты жылдың (ағымдағы жылдың 31 тамызына дейінгі мерзімде) және Есепті жылдың (Есепті жылдан кейінгі 31 наурыздан кешіктірмеген мерзімде) қорытындылары бойынша бухгалтерлік есеп және аудиторлық ұйыммен өзара іс-қимыл мәселелеріне жетекшілік ететін Қоғам Басқармасының мүшесі Аудит жөніндегі комитетке кезең ішіндегі ақпаратты қамтитын есепті ұсынуды қамтамасыз етеді, соның ішінде:

1) Негізгі аудитор және Компоненттік аудитор Топқа көрсеткен аудиторлық қызметтердің көлемі;

2) Негізгі аудитор және Компоненттік аудитор Топқа көрсеткен аудиторлық емес қызметтердің көлемі (қызметтердің әртүрлі санаттары бойынша топтастыруда);

3) Негізгі аудитор мен Компоненттік аудиторға Топ осындай қызметтерді көрсеткені үшін төлеген сыйақы (әр жеке және жиынтықтағы қызмет үшін).

Есепті жыл үшін Негізгі аудитор мен Компоненттік аудиторға төленген аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер үшін сыйақы туралы ақпарат сонымен қатар Қоғамның веб-сайтында жарияланады.

## **12. Жоба бойынша жетекші әріптесті ротациялау**

12.1 Қоғам Негізгі аудитордан жоба бойынша жетекші серіктестің (аудит үшін негізгі жауапкершілікті атқаратын) әр бес жыл сайын ротациялау принципін ұстануды талап етуі тиіс. Осы нәтижеге қол жеткізу жөніндегі сабақтастық жоспарын Негізгі аудитор дайындауы және Аудит жөніндегі комитетке ротация жүргізгенге дейін бір жылдан кешіктірмей қарау үшін ұсынуы тиіс.

12.2 Аудит бойынша бес жыл бойы аудит үшін жауаптының міндетін атқарған жетекші әріптес келесі бес жылдық кезең ішінде Қоғамның аудитіне қатыспауы тиіс. Аудитке қатысу аудит сапасын тексеруді қамтамасыз етуді, аудит нәтижелеріне тікелей әсер ететін техникалық немесе салалық мәселелер, мәмілелер немесе қорытындылар бойынша аудиторлық командаға немесе Қоғамға консультация беруді білдіреді. Бұл өткен жылдардағы аудитпен байланысты мәселелерге қатысты емес, сол кезең ішінде аудит бойынша серіктес жауаптының міндетін атқарды. Серіктес ротациялаған күннен бастап екі жыл өткеннен кейін, егер осы кеңес аудит үшін жауапты адамның міндетін орындау кезеңі ішінде қарауды талап етпейтін жаңа мәселелерге ғана қатысты болған жағдайда, бұрынғы әріптес аудиторлық командаға немесе Қоғамға техникалық немесе салалық мәселелер бойынша кеңес бере алады.

12.3 Бұл ретте аудит сапасына кепілдік беру және ротация кезеңінің мәселесі бойынша икемділік дәрежесін қамтамасыз ету мақсатында, Аудит жөніндегі комитеттің (немесе Қоғамның басқа уәкілетті органының/уәкілетті тұлғасының) және аудиторлық ұйымның келісімімен аудит бойынша әріптестің осы позициядағы қызметі аудит бойынша әріптестің осы позицияда жалпы алғанда жеті жылдан аспайтын уақыт өткізетіндей екі жылға дейінгі мерзімге ұзартылуы мүмкін.

12.4 Мұндай шешім қабылданған жағдайда, Қоғам баспасөз релизін Акционерлерге қысқа мерзімде және осы фактіні және шешім қабылдау себептерін ашатын әрбір келесі екі жылда жариялайды.

## **13. Негізгі аудитордың қызметкерлерін Қоғамға жұмысқа қабылдау**

13.1. Директорлар кеңесінің мүшесі, Басқарма мүшесі, Қаржылық бақылаушы, Ішкі аудит қызметкері, Бас бухгалтер – Қоғамның Бухгалтерлік қызметінің Басшысы лауазымына Негізгі аудитор қызметкері ретінде Қоғамның міндетті аудитіне қатысатын немесе Қоғамның міндетті аудитіне оны Қоғамда тағайындау (сайлау) күнінің алдындағы екі жыл ішінде Негізгі аудитор қызметкері ретінде қатысқан тұлғаны тағайындау (сайлау) тәжірибеленбеу керек. Егер болжанған жағдайда, мүдделер қақтығысын болдырмау мақсатында, оны

тағайындау (сайлау) туралы мәселені одан әрі қарастыру үшін ұсынылған кандидат бойынша Аудит жөніндегі комитеттің алдын ала мақұлдауын алу талап етіледі.

#### **14. Негізгі аудитордан жыл сайынғы растау**

14.1 Қаржылық есептілік аудиті бойынша қызметтерді көрсету шартына Аудит жөніндегі комитетке (кем дегенде жылына бір рет) жазбаша түрде аудиттің барысы мен нәтижесі туралы ақпаратты ұсынуға қатысты Негізгі аудитордың міндеттемелері енгізілуі, және мыналарды растауы тиіс:

- Негізгі аудитордың тәуелсіздігінің сақталғанын;
- Негізгі аудитор мен оның серіктестерінің Топ ұйымдарында ешқандай қаржылық мүдделерінің жоқтығын;
- аудиторлық топ мүшелерінің Қоғамға және Топқа ешқандай қаржылық мүдделерінің жоқтығын;
- осы Саясатта көзделген рұқсат етілген қызметтерді қоспағанда, Қоғам мен Негізгі аудитор арасында қызмет көрсетудің ешқандай өзге жағдайлары болмайтынын;
- Негізгі аудиторға Қоғам төлейтін сыйақының ешбір бөлігі шартты сыйақыны қамтымайтынын;
- Топқа көрсетілген әрбір қызмет бойынша Негізгі аудитор алған немесе алынады деп күтілетін сыйақының жалпы сомасы Негізгі аудитордың Топтан немесе шегі Солтүстік Ирландия Біріккен Корольдігінің сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығының (the ACCA Rules of Professional Conduct) Кәсіби этика ережелеріне сәйкес Негізгі аудитордың қаржылық тәуелсіздігіне елеулі әсер етпеген, Аудитордың жалпы табыстарының 15 пайызынан аспауы тиіс;
- Қоғам мен Негізгі аудитор арасында ешқандай даудың болмауын.

14.2 Аудит жөніндегі комитет жыл сайын Директорлар кеңесіне Негізгі аудитор осы Саясаттың 14.1-тармағында аталған жазбаша растау бергенін растайды.

#### **15. Қорытынды ережелер**

15.1. Осы Саясатпен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының аудиторлық қызмет туралы қолданыстағы заңнамасымен, Қоғамның Жарғысымен, Қоғам акционерлерінің Жалпы жиналысының, Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімдерімен және Қоғамның басқа да ішкі нормативтік актілерімен реттеледі.

15.2. Осы Саясат онда баяндалған талаптардың өзектілігі тұрғысынан мерзімді түрде бағалануы тиіс. Аудит жөніндегі комитет қажеттілігіне қарай осы мақсаттар үшін Ішкі аудит қызметін тарта отырып, саясат талаптарын сақтау мәселелерін қарайды.

15.3. Осы Саясат, сондай-ақ оған енгізілген өзгерістер және/немесе толықтырулар Қоғамның Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген күннен бастап күшіне енеді және Қоғамның веб-сайтында орналастырылады.

Рев. № 0	« » _____ 2021 ж.	ИПЕБ 09 09	15-тен 2-ші бет
----------	-------------------	------------	-----------------

## 16. Қосымша

16.1 1-қосымша Аудиторлық ұйым көрсететін аудиторлық және аудитторлық емес қызметтерге сұрау салу нысаны



			Шарт тың нөмір і мен күні	Аудито рлық (шолу/ аудит/ басқа) қызмет інің атауы	Шарт тың нөмір і мен күні	Ауд итор лық емес қыз меті нің атау ы			20__ж ыл (қаңта рдан бастап желтоқ санға дейін)	20__ жыл (қаңта рдан баста п желто қсанға дейін)		20__ жыл (қаңта рдан бастап желто қсанға дейін)	20__ жыл (қаңта рдан баста п желто қсанға дейін)	
	Атау ы	Атау ы												басқа түсіні ктеме лер

<b>«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК АҚ</b>	<b>БЕЕД</b>	<b>Инвестицияларды, ақшалай қаражатты есепке алу және персоналмен есеп айырысу</b>
<b>Саясат</b>	<b>ИПЕБ 09 09</b>	<b>15-тен 1-ші бет</b>

<b>Рев. №</b>	<b>Өзгертілген парақтар</b>	<b>Әзірленген</b>	<b>Келісілген</b>	<b>Бекітілген</b>
<b>0</b>		БЕЕД директоры Жақыпбекова С.Ж.	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Басқармасының 2021 ж. «26» қазандағы № 33/21 шешімі	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2021 ж. «18» қарашадағы № 14/21 шешімі